

**ШҚО Білім басқармасы  
Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Шоқан  
Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі» КММ**

**10 «В» сынып  
Ата-аналар жиналысы №1**

Сынып жетекшісі :Терлекбаева Эльвира Анатольевна

**2022-2023 оқу жылы**



# Ата-аналар жиналысы Күн тәртібінде:



1. 2021-2022 оқу жылының қорытындысы.
2. 2022-2023 оқу жылы бойынша ұйымдастырылған Республикалық “Мектепке жол” қайырымдылық акциясының қорытындысы.
3. 2022-2023 оқу жылы бойынша ұйымдастырылған Республикалық “Мектепке жол” қайырымдылық акциясының қорытындысы..
4. Ағымдағы жұмыстар. Хабарландырулар.

10 «В» сыныбында 17 оқушы  
Қыз-8 Ұл-9

**№ Оқушылардың аты-жөні**

- 1 Аманбаев Темірлан Қайратұлы
- 2 Ахмадиев Амир Ренатұлы
- 3 Байтурина Дарина Саматовна
- 4 Батталов Құрмет Медетұлы
- 5 Бауржанов Дамир Талғатұлы
- 6 Бауржанова Дария Талғатқызы
- 7 Жеңісбекова Нұрай Қуанышқызы
- 8 Жолдыбаев Амантай Мухтарұлы
- 9 Заманқанова Аружан Бауыржанқызы
- 10 Заманова Балнұр Қайырханқызы
- 11 Имашева Айман Рауанқызы
- 12 Какен Дарын Дулатұлы
- 13 Қалиасқар Алихан Болатұлы
- 14 Махсут Аружан Ерболқызы
- 15 Нұқаев Данияр Бауржанұлы
- 16 Рысбеков Нұрасыл Қанатұлы
- 17 Сағынаева Дана Ринатқызы

## Оқушыларға қойылатын біріңғай талаптар :

### Оқушы міндеті:

- 1) Мектеп формасын сақтауға;
- 2) Сабақтан кешікпеуге;
- 3) Сабақты себепсіз босатпауға;
- 4) Сабаққа дайындықсыз келмеуге;
- 5) Мектепте ұялы телефон ұстамауға;
- 6) Мектеп дәлізінде, асханада тәртіп сақтауға;
- 7) Жол жүру ережесін қатаң сақтауға;
- 8) Кеш мезгілінде көшеде жүрмеуге;
- 9) Интернеттегі таныс емес сайттарға ата-ананың рұқсатынсыз тіркелмеуге міндетті.
- 10) Сынып қорына, мерекелерде мұғалімге ақшалай сыйлық жасауға тыйым салынады.

Жоғарыда аталған біріңғай талаптардың орындалуын ата-ана күнделікті қадағалап отыруы тиіс.

## Ситуациялық сұрақтар 1)

«Балаңыз мектептен шағым айтып келді. Мұғалім ұрысқанын, енді сабаққа барғысы келмейтінін айтты. Сіз қандай әрекет етесіз?»

2) «Балаңыз ұялы телефон алып бер деп жылады. Сіз: «Шамалы шыдай тұр, уақытында алып беремін» дедіңіз. Балаңыз тыңдамай есікті тарс жауып кетіп қалды. Сіздің әрекетіңіз?»

3) «Марат сабаққа дайындықсыз келді. Мұғалім сабақ түсіндіріп жатты. Марат сабақты да тыңдамады. Онымен қоса жанындағы оқушыларға да тыныштық бермеді. Мұғалім ескертулер берсе де қорытынды шығармады. Мұғалім оқушының сыныптан шығып кетуін талап етті. Марат үйге келіп шағым айтты. Ата – анасы әй – шәйға қарамай, директорға кіріп айқай шығарды. Ата -ананың бұл әркеті дұрыс па? Сіз қандай әрекет етер едіңіз?»

4) «Балаңыз түнімен теледидар көріп, ұйқысы қанбай қалды. Балаңыз: «Басым ауырып тұр, сабаққа бармай – ақ қояйыншы», деді. Сіздің әрекетіңіз?»

# Баланы өздігінен жұмыс істеуге және оқуға қалай ынталандыруға болады?



## Баланың оқуға деген ынтасын арттыру:

- білімді болуға ұмтылдыру;
- қарым-қатынас шеңберін кеңейту;
- өз таланттарын ашуға, белсенді және көшбасшы болуға баулу;
- оқу қажеттілігін (оқушы мәртебесі) жоғарлату.

## Не қажет?

- Ересектердің жеке тәжірибесі
- Баға емес, нақты білімнің талабы
- Алған білімдерін тәжірибеде қолдануға үйрету



## Ж А Д Ы Н А М А

БАЛАЛАРДЫҢ ОТПЕН ОЙНАУЫНАН БОЛАТЫН ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ  
ЖЫЛ САЙЫН РЕСПУБЛИКАДА ОРТАША ЕСЕППЕН 500-ДЕН АСА  
ӨРТ ЖАҒДАЙЫ БАЛАЛАРДЫҢ ОТПЕН ОЙНАУЫ СЕБЕБІНЕН ТУЫНДАЙДЫ!

### БАЛАЛАРДЫҢ ОТПЕН ОЙНАУ СЕБЕБІНЕН ТУЫНДАЙТЫН ӨРТТІ БОЛДЫРМАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК:



- балаларға өрт қауіпсіздігі жөнінде әңгімелеп беріңіз;
- өрт қауіпсіздігі қағидаларын қадағалауға қатысты барлық жағдайларда үлгі тұтар болыңыз;
- балалардың қолы жететін жерлерде сіріңкелер мен оттықтарды қалдырмаңыз;
- пешті, газ плитасын жағуды, тұрмыстық электр қондырғыларын өз бетінше қосуды балаларға тапсырмаңыз;
- балалардың алау жақпауын қадағалаңыз;
- балаларды үлкендердің қарауынсыз қалдырмаңыз;
- балалардың бос уақытын қызықты өткізуін ұйымдастырыңыз.

### ӨРТ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА БАЛАЛАРДЫ ДҰРЫС ӨРЕКЕТ ЕТУГЕ БАУЛЫҢЫЗ:



- өрттің шығуын немесе жану (түтіндеу, температураның жоғарылауы, күйік иісі) белгілерін байқаған кезде жас бала дереу ересектерге немесе «101», «112» телефон нөмірлері арқылы өртке қарсы қызметке хабарлауы және бөлмеден шығып кетуі керек;

«Тыйым салынған тартымды келеді» дегендей, сондықтан балаға «Болмайды!» дегеннен гөрі бір қорап сіріңкенің салдарынан болатын қауіпті тағы да айта кеткен пайдалы; Бұл кеңестерді балалар жадыда сақтағаны абзал. Тек қана өз балаларымызға деген қамқорлықпен біз балалардың отпен ойнауынан туындайтын өрттердің алдын алып, өз үйімізді, мүлкімізді және ең бастысы - баламыздың өмірін сақтап қаламыз.

ӨРТ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА «101» ТЕЛЕФОН СОҒЫҢЫЗ  
ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ ТЕЛЕФОНЫ «112»

# Жолда абай бол!



- Жолдағы қауіпсіздік – бұл ата-аналар немесе қамқоршылардан үлкен жауапкершілікті талап ететін міндет, бұл қауіпсіздікті елеусіз қалдыруға болмайды.
- Әрбір баланың өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету барлығымыздың, оның ішінде ата-ана – Сіздің де басты міндетіңіз болып табылады.
- Балаңыздың бойында жолда, көшеде тәртіпті, ұқыпты, сақ және байқампаз болуға деген қажеттілікті тәрбиелеуге тырысыңыз.
- Балаға жаяулар үшін де, көлік жүргізушілері үшін де ережелер бар екендігін үнемі ескертіп отырыңыз.
- Балаға көшеде қараумен бірге көшеде естуді де үйретіңіз: баланың жақындап қалған көлікті естімеуінен болған қайғылы оқиғалар көп болғанын есіңізде ұстаңыз.
- Балаға қарауды үйретіңіз. Балада қатаң дағды қалыптасуы тиіс: жаяу жүргіншілер жолынан шығар алдында алға қадам жасамас бұрын басын оңға, солға бұрып жан-жағын, жолдың барлық бағыттарын қарайды. Бұл балада автоматизмге дейін үйретілген болуы тиіс.



# 1. Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған нәрселер мен заттар:

1) атыс қаруы, оның ішінде травматикалық, газды, пневматикалық, сигналдық, электрлік және құрылымдық жағынан қаруға ұқсас бұйымдар мен олардың құрамдас бөліктері:

атыс қаруына тән жеке құрылымдық элементтері мен тетіктері немесе сыртқы белгілері бар заттар;


зақымдаушы әсері радиоактивті сәулелену мен биологиялық әсерді пайдалануға негізделген қару мен заттар;

қаруға оқ-дәрілер және оның құрамдас бөліктері, снарядтар, жебелер;

жоғарыда аталған қару түрлерін имитациялайтын заттар.

### 3) оқ-дәрілер, жарылғыш және тез тұтанатын заттар, химиялық және улы заттар, оның ішінде:

- жарылғыш заттардың немесе құрылғылардың көшірмелері немесе имитаторлары, аэрозольдық бояулар, скипидар;
- фейерверктер, кез келген нысандағы жарық беретін зымырандар және пиротехникалық құралдар;
- сіріңкелер, оттықтар (білім беру ұйымының аумағында орналасқан жатақханаларда пайдалану жағдайларын қоспағанда);



- құрамында улы және мия тамыры бар газ баллондары (көзден жас ағызатын, бұрыш);
- психикаға белсенді әсер ететін заттар;
- темекі бұйымдары, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдар, қорқорға арналған темекі, қорқор қоспасы, темекі қыздыруға арналған жүйелер, тұтынудың электрондық жүйелері және оларға арналған сұйықтықтар.



# Қаулы:

1) ,

2) ,

3) ,

4) ,

**Назарларыңызға рахмет!**